

Ғылым және Білім министрлігі
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік мемлекеттік университетінің
ректоры, профессор

_____ Б.А.Ердембеков

«__» _____ 2017 г.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР СЕКТОРЫНЫҢ
Е Р Е Ж Е С І

Басылым қызметтік қолданымға арналған

Ақтөбе қ
2017 ж.

АЛҒЫ

1 ҚАРАЛҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН 2017 ж

- Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры
Ж.Ж.Қартбаева _____

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры
БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРДІ «__» _____ 2017 г.

2 ҚОЛДАНУ УАҚЫТЫ жаңасына ауыстырғанша

2. БІРІНШІ ЕНГІЗІЛДІ

Осы ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара болуы, ресми басылым ретінде таралуы мүмкін емес.

Осы ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры рұқсатымен ғана үшінші тұлғаға беріледі.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1 Әлеуметтік мәселелер секторы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады, университет жастары арасында мемлекеттік жастар саясаты мен тәрбие жұмысын жүзеге асырады;
- 1.2 Әлеуметтік мәселелер секторы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңы, «Білім» туралы заңы, ҚР «Баланың құқықтары» туралы заңы, білім және ғылым министрлігінің өзге де нормативтік құқықтық актілері, университет Жарғысы, ректордың бұйрығы мен университет проректорларының тапсырмасымен, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады;
- 1.3 Әлеуметтік мәселелер секторының әдіскерлерін осы сектор жетекшісі мен әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директорының ұсыныс бойынша, университет ректорының басшылығымен жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығару ҚР Еңбек кодексіндегі заң талаптарына сәйкес жүргізіледі.
- 1.4 Әлеуметтік мәселелер секторын сектор жетекшісі басқарады;

2 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 2.1 Әлеуметтік мәселелер секторына кіреді:
 - әлеуметтік мәселелер секторының жетекшісі;
 - әлеуметтік мәселелер секторының әдіскерлері.

3 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫМЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Әлеуметтік мәселелер секторының негізгі мақсаты - әлеуметтік қорғау процесін ұйымдастыру және университеттің тәрбие жұмысының тұжырымдамасын іске асыру, студенттер бойына жан-жақты дамыған әлеуметтік тұлға тәрбиелеу, студенттердің өздігінен шығармашылық қабілетін іске асыруға талпындыру үшін жағдай жасау.

3.2 Әлеуметтік мәселелер секторының міндеттері мыналар болып табылады:

- Тәрбие жұмысының жоспарларын мен даму концепцияларын жасау және жүзеге асыру;
- Факультеттер бойынша тәрбие жұмыстарына талдау жасау;
- Университеттегі тәрбие жұмыстарының нәтижесі жайлы жыл сайынғы ақпаратты дайындау және талдау;
- Университетте тәрбие жұмысы бойынша нәтижелер туралы ағымдағы және жоспардағы есеп үшін материалдарды дайындау;
- Университетте діни экстремизмнің алдын алу бойынша «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен және «Аңсар» ақпараттық – талдау орталығымен бірлесе отырып жұмыстар жүргізу және кездесулер ұйымдастыру;
- Студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету қызметін үйлестіру және жетілдіру;
- Университетте тәрбие жұмысы мен әлеуметтік ортаны жақсарту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;

- Университеттің тәрбиелік шараларының іске асуын бақылау, тәрбие жұмысы және әлеуметтік жұмыстарына байланысты сұрақтарды талдау және шешу;
- Факультеттерден әлеуметтік жағдайы төмен студенттер туралы ақпарат сұрау;
- Факультет декандарымен бірлесе отырып, әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге көмек беру мақсатында университет басшылығына ұсыныстар тастау;
- Әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жатақханаға орналасуын қамтамасыз ету;
- Университеттегі әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге жағдай жасау, әлеуметтік жеңілдіктер беруді қамтамасыз етуге қатысу;
- Студенттерді топтастыруға арналған тренингтер өткізу;
- Университет имиджін қалыптастыруға және сақтауға қатысу;
- Студенттер үйінде тұратын студенттердің тұрмыстық жағдайын бақылауда ұстау;
- Университеттің тәрбие жұмысын, іс-шараларды (фестивальдар, конкурстар, пікірлер және т.б.) талдау және бақылау;
- Университет жастары арасында жастар саясатын насихаттау және жүзеге асыру.
- Университеттің қоғамдық өмірінің түрлі салаларына қатысуға студенттердің қызғыушылығын арттыру, студенттік ұжымдарды шығармашылық ортада өзара көмекке шақыру.
- Жастар арасында салауатты өмір салтын ұстануға насихат жұмыстарын жүргізу;
- Университет студенттері арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жөнінде жұмыстар жүргізу;
- Қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;
- Шығармашылық студенттерді қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық фестивальдарға және сайыстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- Факультеттерде тәрбие жұмысы бойынша және студенттік өмірдің ең өзекті мәселелерін анықтауға және шешуге арналған сауалнамалар жүргізу;
- Ай сайын құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен құқық бұзушылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамалар бойынша кездесулер ұйымдастыру;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізу;
- Университет асханаларының санитарлық жағдайы мен азық-түлік бағаларын бақылау және қадағалау;

4 ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1 Әлеуметтік мәселелер секторы құқылы:

- Осы ережеде көрсетілген мақсаттар мен функцияларын жүзеге асыру үшін университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерден керекті құжаттармен ақпараттар алу және сұрату;

- Қызметтік міндеттер шеңберіне кіретін сұрақтар мен құжаттарды дайындау;
- Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жыл сайынғы төленілетін еңбек демалысына шығу;
- Университеттің материалдық ресурстарын пайдалану;
- Белгіленген тәртіппен жастар мәселелеріне қатысты университеттің жиналыстарына, кездесулеріне қатысу;
- Университеттің ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға ұсыныстар енгізу;
- Университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстарына байланысты сұрақтарды талдау және шешу;
- Республикалық, қалалық, аудандық фестиваль, байқаулар, семинарлар, конференциялар және т.б. шараларға атсалысу;
- Әлеуметтік мәселелер секторының жұмысын жақсарту үшін университет әкімшілігіне ұсыныстарын енгізу;
- Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес өзгеде құқықтарды жүзеге асыру.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1 Әлеуметтік мәселелер секторы жауапты:

- Әлеуметтік мәселелер секторының жұмыс сапасы, міндеттері мен жауапкершілігін орындау;
- Қойылған міндеттерді сапалы және өз уақытында орындау;
- Әлеуметтік мәселелер секторының жетекшісі мен әдіскерлерінің атқарушылық тәртіптіке бағынуы;
- Алынған ақпараттардың құпиялылығын сақтау;
- Әлеуметтік мәселелер секторының жетекшісі мен әдіскерлері қызметтік этиканы сақтау;
- Еңбек тәртібін, техника қауіпсіздігін және өрттен сақтану ережелерін бұзбау;
- Өндірістік мақсатта қолданылатын немесе сақтауға алынған мүліктерді сақтау;
- Университет Жарғысына, қолданыстағы заңнамаға және осы Ережеге көзделген міндеттемелерді орындау.

6 БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

- 6.1 Әлеуметтік мәселелер секторының функциялары мен міндеттеріне қатысты университет бойынша барлық бөлімдерімен өзара қарым-қатынас орнатады.

КЕЛІСІЛГЕН:

ӘМЖЖС департаментінің директоры

Ж.Ж.Қартбаева

Қызметкерлерді басқару және
заң қызметі бөлімінің басшысы

М.С.Нурушева

Заңгер

М.К. Утегенов

